

БЕКІТЕМІН

«Павлодар қаласы мектепке дейінгі

гимназиясы №42»

Г.Ж.Кожахметова

2024 ж. «02» айуна



**Павлодар облысы білім басқармасының, Павлодар қаласы білім болімінің
«Павлодар қаласының №42 мектепке дейінгі гимназиясы» КМҚК
бракераждық комиссия туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ереже

- 1.1. Бракераждық комиссия ас пісіру сапасын бақылау, тамақ пісіру технологиясын сактау және санитарлық-гигиеналық талаптарды орындау мақсатында күрүлады.
- 1.2. Бракераждық комиссия өз қызметінде СанЕжН-ды, рецептуралар жинақтарын, технологиялық карталарды басшылыққа алады.

2. Негізгі міндеттері

- 2.1. Ас дайындаудың өзіндік ерекшеліктерін бағалау.
- 2.2. Қазанға азық-тұліктардің толық салынуын бақылау.
- 2.3. Астан уланудан сактандыру.
- 2.4. Ақсан-ішек аураларынан сактандыру.
- 2.5. Ас дайындау технологиясын сактауды бақылау
- 2.6. Ас әзірлеу блогында санитарлық және гигиеналық қамтамасыз ету.
- 2.7. Қауіпсіз ас ішуді ұйымдастыруды бақылау.

3. Жұмыстың мазмұны мен түрі

- 3.1. Бракераждық комиссия күн сайын ас ішерден 30 минут бұрын келіп, астың бракеражды сынағын алады.

Оның алдында ас мәзірімен танысады: онда мерзімі қойылған, балалар, қызметкерлер саны, тагамның толық атауы, бөлінген азық-тұліктар атауының саны болуы тиіс. Ас мәзірі басшының қолымен бекітіліп, диетбикенің, қоймашы мен аспаздың қолы болуы тиіс.

Бракеражды сынағын жалпы қазаннан алады, оның алдында қазандығы тагамды жақсылап шайқап араластырады, Бракеражас тату иісі мен дәмі аса білінбейтін астардан (көже, қатысқ және т.б.) басталып, артынан иісі мен дәмі жақсы білінетін тагамдармен, сцынан тәтті тагамдармен аяқталады..

3.2. Бракеражды ас тату нәтижесі дайын кулинарлық өнімдерді бақылау журналына жазылады.

Журнал нөмірленген, тігілген және мөрмен бекітілген болуы тиіс: диетбикеде сакталады.

Астың сапасын бағалау әрбір тагамға жеке қойылады (температурасы, сыртқы көрнісі, иісі, дәмі; дайындалуы мен сапасы).

3.3. «Үздік» деген баға рецептурамен бекітілген және өзге де көрсеткіштер, көзделген талаптарға дәмі, түсі және иісі сәйкес келген тагамдар мен кулинарлық пісірілімдерге қойылады.

3.4. «Жақсы» деген баға ас әзірлеу технологиясында аздаған кемшіліктерге жол берген бірақ дәмі мен сапасына нұсқан келмеген сыртқы көрнісі тиісті талаптарға сәйкес келетін тагамдар мен кулинарлық пісірілімдерге қойылады.

3.5. «Қанагаттанарлық» деген бага ас әзірлеу технологиясында аздаган кемшіліктерге жол берген, сондыктан дәмі мен сапасының нашарлауына соқтырган (тұзы аз немесе тұзы көп) тагамдар мен кулинарлық пісрілімдерге қойылады.

3.6. 3.5. «Қанагаттанарлықсыз» деген мынадай кемшіліктерге қойылады: тагамның өзіне тән емес иістері, дәмдері, өта ағы, өте қышқыл, піспеген, дұрыстап қуырлымаған, күйіп кеткен, өзінің формасын жоғадтқан, езіліп кеткен, мұлдем бұзылған тагамдар мен кулинарлық пісрілімдерге қойылады.

Мұндай тагамдар балаларға берілмейді және бракераждық комиссия қойылған бағаның тұсына «ішуге болмайды» деп жазып, қолын қояды.

3.7. Ас пен кулинарлық өнімдер сапасының бағасы журналга жазылады және бракераждық комиссия мүшелерінің барлығы қолдарын қояды.

3.8. Ас пен кулинарлық өнімдер сапасының «қанагаттанарлық», «қанагаттанарлықсыз» деп бракераджық комиссия немесе басқа да тексеруші тұлғалар бергенбагалар басшының жаңындағы кеңесте талқыланады.

Ас пен кулинарлық өнімдерді сапасыз дайындауға кінәлі тұлғалар материалдық және өзге де жауапкершілікке тартылады.

3.9. Бракераждық комиссия бақылау тагамының және күндік сынақтаманың болуын тексереді.

3.10. Бракераждық комиссия әр астың шығымдылығын анықтайды.

3.11. Екінші тагамды тексеру (котлет, тефтели және т.б.) бес порцияны жеке өлшеп, әрқайсының өзара орташа салмағын анықтайды, сондай-ақ 10 порцияның (өнімнің) салмағын анықтап, тиісті салмағынан төмен болмауын (норма шығымы +3% ауытқымауы тиіс) тексереді.

Бракераж еткізу үшін ас әзірлеу блогында таразы, ас термометрі, құралдары шаю үшін ыстық суы бар шэйнек, екі қасық, шанышқы, пышақ, сыртында салмағы жазылған тарелка (1 порция ас сиятын, осында 10 порцияға), сыйғыш болуы қажет.

4. Структура

4.1. Бракераж комиссиясының құрамына: басшы, диетбике, әкімшілік-шаруашылық бөлімі басшысының орынбасары, кәсіподак комитетінің тәрағасы, қамқоршылық кеңесінің тәрағасы, тәрбиеші кіреді.